

## **Дәріс тақырыбы:**

**Балалардағы пародонт  
аурулары. Пародонт  
ауруларының жіктелуі.  
Этиологиясы, диагностика  
әдістері.**

# ПАРОДОНТ

- – тісті қоршаған тіндер жиынтығы олар бір-бірімен анатомиялық, физиологиялық тығыз байланыста.

Пародонт тіндерін:

- қызыл иек
- тіс-қызыл иек бекінісі
- альвеола сүйегі
- периодонт
- тіс түбірі цементі құрайды.

# Қызыл иек

- пародонттың ең маңызды құрылымдық бірлігі.

Анатомиялық қызыл иек 3 бөлікке жіктеледі:

- тісаралық емізікше
- маргинальді
- альвеолярлы



Прикрепленная десна

Межзубной сосочек

Десневая борозда

Подвижная слизистая

Ткань слизистой

Коронь зуба

Лунка

Кость челюсти



# Қызыл иек

## Тісаралық емізікшелер:

- үшбұрышты пішінде;
- Қатар тұрған тістердің арасында орналасады;

## Маргинальді қызыл иек:

- тіс сауыттың мойын бөлігінде орналасады, оның беті жіңішке сызатпен шектелген – **қызыл иек сызаты** деп атайды, тереңдігі 0,5-1,5мм.

## Альвеолярлы қызыл иек:

- альвеола өсіндісін жабады,
- сүйек үсті тініне тығыз орналасады,
- өтпелі қатпар вестибулярлы бетінің жалғасы болып келеді,
- оральді бет жағында қатты таңдайдың және ауыз қуыс түбінің шырышты қабығы орналасады,
- маргинальді және альвеолярлы қызыл иек шекарасы қызыл иек науашығы(желобок) саналады.

# Қызыл иек

- мүйізді, дәнді, қылтанақты, негізгі қабаттан тұрады;
- қызыл иектің шырышты қабығы шайнау түріне жатады;
- шырышасты қабаты жоқ;
- беткей қабатында мүйізделу жасушалары бар.

# Уақытша тістесу кезінде қызыл иектің анатомиялық-морфологиялық ерекшелігі:

## **қызыл иек эпителиі:**

- жұқа
- толық жетілмеген
- мүйізделу құбылысы байқалмайды

**3 жасқа дейінгі балаларда қызыл иек эпителиінде гликоген көп мөлшерде болады. Уақытша тістесу аяқталғанға дейін (2,5-3ж) гликоген азайып, мүлдем жойылады. Егер 3 жастан асқан балаларда кездесе ол патологиялық үрдіс болып табылады.**

## **Шырышты қабықтың меншікті қабатында:**

- коллаген талшықтары тығыз орналаспаған
- жеткіліксіз бағытталған
- элатикалық талшықтары жоқ
- көптеген қан-тамырлармен қамтамас етілген.

**Базальды мембрана жұқа нәзік құрылысты келеді.**

# Ауыспалы тістесу кезінде

- қызыл иек эпителиі қабаты қалыңдаған.

## Меншікті қабатта:

- коллаген талшықтарының жетілуі,
- қан тамыр қабырғаларының тығыздалуы,
- қан тамыр өткізгіштігінің азаюы,
- қан тамыр маңында дөңгелек жасуша элементтердің жиналуы (лимфоциттер, гистиоциттер)

## байкапалды



# **Тұрақты тістесу кезінде қызыл иек:**

- **толық жетілген**
- **маңызды қызметтер атқарады.**
- **пародонтты сыртқы ортадан қорғайды**
- **тісті бекітуге қатысады.**

# ***АЛЬВЕОЛА ӨСІНДІСІ***

**Уақытша тістесу кезінде  
рентгенограммада:**

- **минералданған тіс тіндері айқын көрінеді.**
- **сүт тіс периодонты ;**
- **тұрақты тістер фолликулаларының кортикальды пластинкасы ;**
- **сүйек суреті**
- **барлық тістердің периапикальды қуысы үлкендерге қарағанда 2 есе кең.**

# Альвеола өсіндісі

## Уақытша тістесу кезінде:

- жарып келе жатқан тістерде тіс аралық кеңістіктің ұшы жарып келе жатқан тіс бағытында кесілген.
- тіс жарып шыққан соң тіс аралық кеңістік ұштары әртүрлі пішінді келеді
- кортикальды пластинка мен ұштарының соңғы рет қалыптасуы мен минерализациясы түбір ұшы тесігінің жабылуымен аяқталады.

# Альвеола өсіндісі

## Тұрақты тістесу кезінде:

- кеуекті зат пен кортикальды пластинка айқын құрылысты болады.
- жоғарғы жақтың сүйек тіні мен төменгі жақтың фронтальды аймағы майда дәнді құрылымды келеді.
- төменгі жақтың бүйір бөлігі ірі түйінді келеді.
- балалар пародонтының жағдайын әртүрлі жаста білу ауруды диагностикалауда маңызды.

# Балаларда пародонт ауруын тудыратын себептер :

Жалпы факторлар

Жергілікті факторлар

# Жергілікті факторлар:

- Жұмсақ тіс қағы
- Тіс биопленкасы
- Тіс тастары
- Біріншілік жарақат окклюзия (тіс-жақ жүйесінің ауытқуы)
- Тіс-жақ жүйесінің гиподинамиясы (белсенді шайнау қызметінің төмендігі)
- Ауыз қуысының жұмсақ тіндерінің құрылысы мен орналасуының аномалиясы

# Жалпы факторлар

- Соматикалық аурулар (асқорыту, эндокринді, жүрек-тамыр жүйелері);
- Гиповитаминоздар;
- Бала ағзасында зат алмасу бұзылыстар
- Жасөспірім кезеңі

# Балаларда пародонт ауруының жіктелуі

## **ГИНГИВИТ**

Түрлері: катаральді, гипертрофиялық, жаралы

Ағымы бойынша: жедел, созылмалы, өршу, ремиссия

Таралу бойынша: шектелген, жайылған

## **ПАРОДОНТИТ**

Ағымы бойынша: созылмалы, өршу, ремиссия

Таралу бойынша: шектелген, жайылған

Дәрежесі бойынша: жеңіл, орта, ауыр

## **ПАРОДОНТОЗ**

Ағымы бойынша: созылмалы, ремиссия

Таралу бойынша: шектелген, жайылған

Дәрежесі бойынша: жеңіл, орта, ауыр



## **ТЕЗДАМИТЫН ПАРОДОНТИТ**

Таралу бойынша: шектелген, жайылған  
Дәрежесі бойынша: орта, ауыр

## **ПАРОДОНТОМАЛАР**

Эпулид, қызыл иектің гипертрофиясы, тұқым қуалаушы қызыл иектің гипертрофиясы, симметриялы фиброма.

## **БАЛАНЫҢ ЖҮЙЕ АУРУЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ПАРОДОНТИТ**

Жүйе аурулар кезінде кездесетін пародонтальді синдром.

# Сұрақтарға жауап

беріңіз:

**Кім**

Балаларда пародонт ауруының жіктелуін ұсынған ғалым?

?

**Қайда**

Маргинальді қызыл иектің орналасуы?

?